





*Қазақстанның
табиғи
ресурстары*



*Адамзаттың әлеуметтік –
экономикалық прогрестің шыңына
шығуы оның табиғаттың әртүрлі
сыйлықтарын – табиғи ресурстарды
пайдаланумен тығыз байланысты.*



*Табиғи ресурстар - адамның өз
мұқтажын қамтамасыз ету және
көздеген мақсатына жету үшін
пайдаланатын қоршаған ортадағы
заттардың, құбылыстардың, табиғи
денелердің жиынтығы.*

Сарқылмайтын табиғи ресурстар - табиғатты ұзақ пайдалану кезінде саны мен сапасы өзгермейтін немесе аздап қана өзгертін табиғи физикалық құбылыстар және денелер. Мұндай ресурстарға Күн энергиясы, жел энергиясы, қозғалыстағы су энергиясы, жер қойнауы энергиясы жатады.



Сарқылатын табиғи байлықтар -
табиғатты пайдалану барысында саны мен
сапасы өзгертін табиғи физикалық
кұбылыстар және денелер.



Табиғи ресурстар



Минералдық


Биологиялық

Энергетикалық

Биологиялық ресурстар – биосфераның бүкіл тірі компоненттері




продуценттер



консументтер



редуценттер




*Қазақстан жерінде алуан
түрлі жануарлар мен
өсімдіктер әлемі кездеседі.*

Республикамыздың флорасы бай және сан алуан. Елімізде өсімдіктердің 400 ден аса, ал дәрілік өсімдіктердің 250ден аса түрі кездеседі.



Мұнда омыртқалы жануарлардың 835 түрі бар. Соның ішінде сүтқоректілердің 178 түрі: құстың 500-ге жуық, бауырымен жорғалаушылардың 49, қосмекенділердің 12 балықтың 104, дөңгелек ауыздылар немесе балық тәрізділердің 3 түрі тіршілік етеді.



*Адамның ретсіз
іс – әрекетінің
нәтижесінде
кейбір
биологиялық
маңызды
жануарлар мен
өсімдіктердің
саны қысқарып
кетті.*



Минералды ресурстар – шаруашылықта минералдық шикізат ретінде қолданылса, отын түріндегі шикізаттар деп аталады. Оған жататындар:



Көмір



Газ




Мұнай

Қазақ жер қойнауында Менделеев таблицасындағы 105 элементтің 99 табылып, 70-нің қоры зерттелініп, өндіріске соның 60 элементі тартылған. Республика жер қойнауында Менделеев таблицасындағы барлық элементтер - бериллий, висмут, кадмий, мыс, алтын, қорғасын және мырыш, магний, вольфрам және молибден, күміс, титан және уран т.б. кездеседі. Сонымен қатар көмір, мұнай және табиғи газ зор қорына ие болып, барит, фосфорит сияқты өнеркәсіптік минералдар, хромит және асбестке де бай.

Қазақстан минералдық ресурстарға бай. Қазақстан дүние жүзінің елінің ішінде вольфрам, қорғасын және барийдің қоры бойынша бірінші орында, хромит, күміс және цинк бойынша екінші, марганец және молибден үшінші, мыс төртінші, уран бесінші, алтын алтыншы, темір кені жетінші, қалайы мен никель сегізінші, көмір мен табиғи газ тоғызыншы, мұнай бойынша он үшінші орында.

Қазақстан жерінде хромиттің әлемдік қорының үштен бір, уран мен марганецтің төрттен бір бөлігі, темір кенінің оннан бір бөлігі орналасқан. Қазақстанға барланған тас көмір және қоңыр көмірдің қоры 200млрд.тоннадан астам. Көмір бассейндеріне Қарағанды, Екібастұз, Майкөбен, Обаған, Жіліншік, Шу, Іле, Төменгі Іле және Орал Каспий жатады.



*Қазақстанның су
ресурстары*

Қазақстанның су ресурстары

Қазақстанның су артериялары шамамен 85 мың өзендерден құралған. Ең ірі су көздеріне: Ертіс, Есіл, Іле, Сырдария, Жайық, Шу, Талас, Асса өзендері жатады. Қазақстан су ресурстарының жетіспеушілігі күшті байқалатын елдердің қатарына жатады.




Қазақстан жер региондарының ішіндегі сумен аз қамтамасыз етілген елдердің қатарына жатады. Қазақстанның жер беті сулар қорының (жер асты суларының қоса алғанда) жалпы мөлшері жылына 89.5 текше шақырымды құрайды.



Республиканың су шаруашылығы мәселелері тек жер беті суларын шектеп пайдалану және жер асты суларының ресурстарын меңгеру есебінен ғана шешілуі мүмкін. Республикада жалпы су пайдаланудың 9 % жер асты суларының үлесіне тиеді, оны 25% дейін көтеруге болады.





Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану дегеніміз – адам мен биологиялық түрлердің өмір сүруіне қажетті қоршаған ортаның параметрлерін сақтай отырып, ресурстардың энергетикалық және шикізат қорлары қалпына келетіндей етіп жүргізу.

*Ресурстарды тиімді пайдаланудың
мақсаты – табиғаттың
алуантүрлілігін сақтай отырып,
қалықты қажеттіліктермен
қамтамасыз ету.*



*Кез келген табиғи ресурсты
қолдану кезінде, оның тұтас
экожүйелер мен жеке табиғи
ресурстарға әсерін ескеру
қажет.*





Назар

аударғандарыңызға

рахмет!

